

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара сапарлары туралы Меморандум

Меморандум, Алматы қ., 1993 жылғы 25 қазан

***Меморандум 1993 жылғы 24 қарашада күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2003 ж., N 10, 76-құжат.**

Төменде "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі екі жақты қатынастарды кеңейту, консулдық қарым-қатынас саласындағы ынтымақтастықты дамыту тілегін басшылыққа ала отырып, мемлекеттер арасындағы қалыптасқан тату-тәтті көршілік қатынастарды ескере отырып, төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап

Қолданыстағы дипломаттық және қызметтік төлқұжаттары бар бір Уағдаласушы Тараптың азаматтары екінші Уағдаласушы Тараптың аумағына визасыз келіп, кете алады және транзитпен өте алады. Бұл орайда екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында олардың болу мерзімі келу күнінен бастап отыз күннен аспауға тиіс. Егер ықтимал болу мерзімі отыз күннен асып кеткен жағдайда олар күні бұрын виза алуға тиіс.

2-бап

Басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында орналасқан дипломатиялық және консулдық өкілдіктерде, сондай-ақ халықаралық ұйымдарды тұрақты жұмыс істеуге баратын екінші Уағдаласушы Тарапты қолданыстағы дипломаттық және қызметтік төлқұжаты бар азаматтары мен олардың отбасы мүшелеріне бара жатқан елдің кіру визасын алудың қажеттігі жоқ. Уағдаласушы Тараптың аумағында қызметін жүзеге асыратын мұндай адамдар онда келуіне дейін 1 ай бұрын ресми түрде таныстырылады және келгеннен кейін осы Тараптың Сыртқы істер министрлігінде дипломаттық карточка алады.

3-бап

Уағдаласушы Тараптардың кез келгені екінші Уағдаласушы Тараптың қолданыстағы дипломаттық немесе қызметтік төлқұжаттары бар азаматтарының

келуіне рұқсат бермеу я болмаса олардың өз аумағында болу мерзімін қысқарту немесе тоқтату құқығын өзінде қалдырады, сонымен бірге ол өз шешімінің себебін түсіндіруге міндетті емес.

4-бап

Уағдаласушы Тараптардың бірінің дипломаттық және қызметтік төлқұжаттары жоқ азаматтары келесі Тараптың аумағына соның визалары бойынша келеді, кетеді және оның аумағы арқылы транзитпен өтеді.

5-бап

Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматтары екінші Уағдаласушы Тараптың аумағына халықаралық жолаушылар қатынасы үшін ашылған шекаралық бекеттер арқылы немесе екі Уағдаласушы Тарап арқылы белгіленген шекаралық бекеттер арқылы келіп, кете алады немесе транзитпен өте алады, бұл орайда Уағдаласушы Тараптардың қолданылып жүрген ұлттық заңдары мен ережелеріне сәйкес қажетті рәсімділіктерді орындайды.

6-бап

Уағдаласушы Тараптардың азаматтық авиация ұшақтарының экипаж мүшелері болып табылатын азаматтары визасыз негізде Уағдаласушы Тараптардың әуежайлары арасында әдеттегі және тұрақты чартерлік рейстер жасайды.

Егерде Уағдаласушы Тараптардың бірінің аумағында кезекті алмасуына, науқастануына, жарақаттануына, ұшақтың бұзылуына немесе ауа райының қолайсыздығына және т.б. байланысты қысқа мерзімді аялдау болған жағдайда бір Уағдаласушы Тараптың экипаж мүшелері екінші Тараптың аумағынан визасыз кетеді.

7-бап

Уағдаласушы Тараптар қолында теңізші төлқұжаты бар кемелер экипажы мүшелерінің қолданыстағы халықаралық нормаларға сәйкес екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында уақытша бола алатындығына келісті.

8-бап

Уағдаласушы Тараптардың азаматтары екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында болған кезеңде оның қолданыстағы заңдарын, ережелерін және тәртіптерін сақтауға міндетті.

9-бап

Уағдаласушы Тараптар дипломатиялық арналар арқылы қолданыстағы жол жүру құжаттарының үлгілерімен алмасатын болады.

10-бап

Уағдаласушы Тараптар Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматы екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында қолданыстағы жол жүру құжатын жоғалтып немесе бүлдіріп алған жағдайда осы адам азаматы болып табылатын мемлекеттің дипломатиялық немесе консулдық өкілдігі жаңадан қолданыстағы жол жүру құжатын береді және бұл жайында өзі барған мемлекеттің құзіретті органын хабардар етеді деп келісті.

11-бап

Уағдаласушы Тараптар осы Меморандумды қолдануға байланысты мәселелерді реттеу мақсатында қажеттілігіне орай келіссөздер жүргізіп отырады. Олардың өткізілетін мерзімі және талқыланатын мәселелер алдын ала дипломатиялық арналар бойынша келісіледі.

12-бап

Екі Уағдаласушы Тараптың тиісті құжаттарға қол қойған күнінен бастап 30-күні күшіне енетін осы Меморандумның ережелеріне Уағдаласушы Тараптар өзара келісім бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізе алады.

13-бап

Осы Меморандум мөлшерсіз мерзімге жасалып отыр және оған қол қойылған күннен бастап санағанда 30-күні күшіне енеді.

Уағдаласушы Тараптардың кез келгені өзінің осы Меморандумның қолданысын тоқтатқысы келетіні туралы 60 күн бұрын екінші Уағдаласушы Тарапқа кез келген уақытта жазбаша түрде дипломатиялық арналармен мәлімдеуге хұқылы.

Алматы қаласында 1372 қыжра күн жылының 3 абанына сәйкес келетін 1993 жылдың 25 қазанында қазақ, парсы және орыс тілдерінде екі дана етіп жасалды, сондай-ақ барлық үш текстің күші бірдей.

(Қолдары)

